

Зертханааралық салыстырмалы сынақтарды (зертханааралық салыстыруларды) өткізуді ұйымдастыру тәртібіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 196 шешімі

Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында келісілген саясатты жүргізу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 10 қосымша) 9-тармағының 3) тармақшасына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 2 қосымшаның 14-тармағына сәйкес және Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеу жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін тану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 11 қосымша) 3-тармағының төртінші абзацын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 12 шешімімен бекітілген Зертханааралық салыстырмалы сынақтарды (зертханааралық салыстыруларды) өткізуді ұйымдастыру тәртібіне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 12 ай өткен соң күшіне енеді.

*Евразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 196 шешіміне
ҚОСЫМША

Зертханааралық салыстырмалы сынақтарды (зертханааралық салыстыруларды) өткізуді ұйымдастыру тәртібіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

Зертханааралық салыстырмалы сынақтарды (зертханааралық салыстыруларды) өткізуді ұйымдастыру тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2026 жылғы 26 қаңтардағы
№ 12 шешімімен
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 196 шешімінің
редакциясында)
БЕКІТІЛГЕН

Зертханааралық салыстырмалы сынақтарды (зертханааралық салыстыруларды) өткізуді ұйымдастыру ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп өнімінің Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын және Одақтың аккредиттеу саласымен сәйкестігін бағалау жөніндегі органдардың бірыңғай тізіліміне (бұдан әрі – сынақ зертханалары) енгізілген аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтарының) біліктілігін тексеру мақсатында зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) жүргізуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"сынақ зертханаларының біліктілігін тексеру мақсатында зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар)", "зертханааралық салыстырулар" – осы сынақ зертханаларының жұмыс істеу сипаттамаларын бағалау арқылы екі немесе одан да көп сынақ зертханаларында бірдей немесе бірнеше ұқсас үлгілердің зерттеулерін (сынақтарын) және оларды өлшеуді ұйымдастыру, орындау және бағалау рәсімі;

"біліктілікті тексеруге арналған үлгі", "үлгі" – зерттеу (сынау) және өлшеу объектісі, техникалық құрал, стандартты үлгі, зат (заттар қоспасы), материал, сынақ зертханаларының біліктілігін тексеруге арналған алдын ала белгіленген сипаттамалары (құрамдары, қасиеттері, параметрлері) бар зертханааралық салыстыруды ұйымдастыру үшін үлгі ретінде пайдаланылуы мүмкін табиғи және жасанды шыққан өзге де объектілер;

"біліктілікті тексеру провайдері", "провайдер" – сынақ зертханаларының біліктілігін тексеру мақсатында зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламаларын әзірлеу және орындау жөніндегі барлық міндеттерге жауапты болатын ұйым;

"сынақ зертханаларының біліктілігін тексеру мақсатында зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламасы", "зертханааралық салыстырулар бағдарламасы" – зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің белгілі бір саласында зертханааралық салыстырулар бағдарламасының бір немесе бірнеше турлары үшін зертханааралық салыстыруларды ұйымдастыру және жүргізу кезінде провайдердің орындайтын іс-қимылдарының реттілігін белгілейтін құжат;

"қосалқы мердігер" – провайдер зертханааралық салыстыру бағдарламасын әзірлеу мен іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде бірлесіп орындаушы ретінде тартатын заңды немесе жеке тұлға;

"техникалық сарапшы" – зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің белгілі бір саласында арнайы білімі бар, осы бағдарламаны зертханааралық салыстыру және бағалау бағдарламасына және оны іске асыру нәтижелеріне қатысу үшін тартылатын, провайдердің қызметкері болып табылатын (тұрақты негізде немесе шарттық шарттарда) жеке тұлға;

"сынақ зертханаларының біліктілігін тексеру мақсатында зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламасының туры", "зертханааралық салыстырулар бағдарламасының туры" – үлгілерді бөлу, біліктілікті тексеру нәтижелерін бағалау және зертханааралық салыстыруларға қатысушыларға осындай нәтижелер туралы есеп беру жөніндегі іс-қимылдардың аяқталған реттілігі.

Осы Тәртіпте пайдаланылатын өзге де ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі Техникалық реттеу туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша), Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында келісілген саясатты жүргізу туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 10 қосымша), Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 17 наурыздағы № 21 шешімімен бекітілген Өлшеу әдістемесін (әдісін) метрологиялық аттестаттау тәртібінде және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 68 шешімімен бекітілген Өлшеулердің референттік әдістемесі (әдісі) ретінде қабылданатын өлшеу әдістемесін (әдісін) аттестаттау тәртібінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

3. Зертханааралық салыстыруларды жүргізу жөніндегі қызметке қатысушылар:

Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) тиісті қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар);

өз қызметін ISO/IEC 17043 "Сәйкестікті бағалау. Біліктілікті тексеруді жүргізуге қойылатын негізгі талаптар" (бұдан әрі – MEMCT ISO/IEC 17043) халықаралық стандартына ұқсас мемлекетаралық стандарттың талаптарына сәйкес жүзеге асыратын, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы жұмыстарды жүргізуге уәкілетті (аккредиттелген) біліктілікті тексеру провайдерлері;

зертханааралық салыстыруға қатысушылар болып табылатын сынақ зертханалары (бұдан әрі – қатысушылар-зертханалар).

4. Уәкілетті органдар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

сынақ зертханаларының біліктілігін тексеру мақсатында мүше мемлекеттерде зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламаларын іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

зертханааралық салыстыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру бойынша ұсыныстарды қалыптастыру (қажет болған жағдайда);

зертханааралық салыстыру бағдарламаларының жиынтық тізбесін қалыптастыру мақсатында зертханааралық салыстыру бағдарламаларын бағалау өлшемшарттары мен рәсімдерін және оларды іске асыру қорытындылары бойынша есептерді әзірлеу;

зертханааралық салыстыру бағдарламаларын іске асыру нәтижелерін талдау;

зертханааралық салыстыру бағдарламаларының жиынтық тізбесін қалыптастыру және оны жыл сайын Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) ұсыну;

зертханааралық салыстыру бағдарламаларын іске асыру нәтижелері бойынша жиынтық ақпаратты қалыптастыру және оны Комиссияға жыл сайын ұсыну;

мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалған өзге де функцияларды орындау

Уәкілетті органның функциялары мүше мемлекет өзінің заңнамасына сәйкес айқындаған метрологиялық институтқа жүктелуі мүмкін.

Егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген жағдайда, уәкілетті органның және біліктілікті тексеру провайдерінің функцияларын қоса атқаруға жол беріледі.

5. Біліктілікті тексеру провайдерінің қызметі мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

а) үлгілерді дайындау және сынау үшін зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің (бұдан әрі – сынақтар) тиісті саласында меншікті сынақ базасының болуы ;

б) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қажетті сынақ базасы бар қосалқы мердігерді үлгілерді дайындауға және сынауға тарту мүмкіндігі. Бұл ретте провайдер (немесе қосалқы мердігер) егер зертханааралық салыстыру объектілері ретінде заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің аттестатталған (сертификацияланған) стандартты үлгілері қолданылмаса, ISO/IEC 17025 "Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" халықаралық стандартына және өзге де мемлекетаралық стандарттарға ұқсас мемлекетаралық стандарттың талаптарын ескере отырып, үлгілердің айқындалатын қасиеттерін өлшеуде құзыретті болуға тиіс;

в) штатта провайдер зертханааралық салыстыру бағдарламаларын орындайтын сынақ салаларында техникалық сарапшылардың және өзге де құзыретті мамандардың болуы. провайдердің қажет болған жағдайда біліктілікті тексеру үшін үлгілерді дайындауға және сынауға техникалық сарапшыларды шарттық негізде тарта алуы;

г) қатысушы зертханалардан тәуелсіз болу, жалпы коммерциялық, қаржылық және әкімшілік мүдделердің немесе олармен бәсекелестіктің болмауы;

д) зертханааралық салыстыру бағдарламаларын орындау кезіндегі бейтараптық. Оның шешімдерінің бейтараптығына әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, провайдер мүдделердің ықтимал қақтығыстарын айқындауға, тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыруға және қатысушы зертханалардың біліктілігін тексеруге байланысты

жұмыстардың барлық түрлерінің бейтарап орындалуына кепілдік беретін рәсімдерді ендіруге тиіс;

е) қатысушы зертханаларды олардың зертханааралық салыстыру бағдарламаларына қатысу нәтижелерін уәкілетті органға жыл сайын ұсыну туралы хабардар ету.

6. Зертханааралық салыстыру бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды провайдер мынадай басымдықты ескере отырып жүзеге асырады:

а) провайдер өндірушісі болып табылатын заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін үлгілер ретінде пайдалана отырып жүргізілетін зертханааралық салыстыру бағдарламалары;

б) стандартты үлгі (сапаны бақылау үлгілері) негізінде жасалған үлгілерді пайдалана отырып жүргізілетін зертханааралық салыстыру бағдарламалары;

в) провайдер үлгінің біртектілігіне және (немесе) өлшенетін шамалардың тұрақтылығына сынақтар жүргізуді қамтамасыз еткен заттардың, өнім материалдарының (нақты матрицалардың), жабдықтардың, техникалық құралдардың және (немесе) басқа да өлшеу объектілерінің үлгілерін пайдалана отырып жүргізілетін зертханааралық салыстыру бағдарламалары. Мұндай сынақтар зертханааралық салыстыру бағдарламасын әзірлегенге және іске асырғанға дейін алдын ала жүргізілуі тиіс, оларды жүргізу қорытындылары бойынша есеп дайындалуы керек. Бұл ретте мұндай үлгінің өлшенетін шамаларының есептелген мәні мынадай басымдықты ескере отырып келесі тәсілдердің бірімен белгіленуге тиіс:

халықаралық немесе ұлттық эталонға дейін қадағаланатын эталонды пайдалана отырып;

бір немесе бірнеше белгілі бір қасиеттері стандартты үлгімен бірге жүретін және осы қасиеттердің мәндері, олармен байланысты қателіктер (белгісіздіктер) және метрологиялық бақылау туралы ақпарат берілген құжаттамада көрсетілген осындай стандартты үлгіні қолдана отырып;

өлшеудің бастапқы референттік әдістемесін (әдісін) және (немесе) өлшеудің референттік әдістемелерін (әдістерін) пайдалана отырып;

қатысушы зертханалармен салыстырғанда жоғары дәлдіктегі жабдықты пайдаланатын бір немесе бірнеше сынақ зертханаларының зертханааралық салыстыру нәтижелері негізінде;

бір немесе бірнеше қатысушы зертханалардың халықаралық немесе аймақтық зертханааралық салыстыру бағдарламаларына қатысқан кезде олардың зертханааралық салыстыру нәтижелері негізінде;

қатысушы зертханалардың зертханааралық салыстыру нәтижелерінің жалпы жиынтығы негізінде.

7. Қатысушы зертханалар комиссия бекіткен халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбелеріне енгізілген стандарттарда қамтылған сынақ әдістемелерін (әдістерін), ал олар болмаған жағдайда – зерттеу (сынау) және

өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды пайдалана отырып, сынақтар жүргізеді.

8. Зертханааралық салыстыруды жүзеге асыру үшін провайдер MEMCT ISO/IEC 13528 "Зертханааралық салыстырулар арқылы біліктілікті тексеру кезінде қолданылатын статистикалық әдістердің" және қажет болған жағдайда MEMCT ISO/TS 22117 "Азық-түлік және мал азығы микробиологиясы. Зертханааралық салыстырмалы сынақтар арқылы зертханалардың біліктілігін тексеруге арналған арнайы талаптар мен нұсқаулықтың" талаптарын ескере отырып, зертханааралық салыстыру бағдарламасын әзірлейді.

Өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындауды жоспарлайтын немесе осындай жұмыстарды орындайтын сынақ зертханаларының біліктілігін тексеру мақсатында зертханааралық салыстыру бағдарламаларын әзірлеу кезінде сынақ объектілері қауіпсіздігінің көрсеткіштерін (сипаттамаларын), сондай-ақ халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбелеріне енгізілген сынақтардың әдістемелерін (әдістерін), ал олар болмаған жағдайда – зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістері, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды ескеру қажет.

Мүше мемлекеттердің провайдерлері әзірлейтін зертханааралық салыстыру бағдарламалары болмаған жағдайда, сынақ зертханаларының осы саладағы зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымды (ILAC MRA) өзара тану туралы келісімге қол қоюшы – аккредиттеу органдары аккредиттеген үшінші елдердің провайдерлері әзірлейтін және іске асыратын зертханааралық салыстыру бағдарламаларына қатысуына жол беріледі.

9. Қатысушы зертхананың сынақ нәтижелері туралы ақпарат және оның жұмыс істеу сипаттамаларын бағалау құпия болып табылады және егер мүше мемлекеттердің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, қатысушы зертхананың жазбаша келісімінсіз жария етуге немесе басқа ұйымдарға немесе адамдарға беруге жатпайды.

10. Зертханааралық салыстыру нәтижелерін:

а) бағалау үшін:

өлшеу нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ету және (немесе) өлшеу нәтижелерінің сапасын бағалау үшін;

өлшеу нәтижелерінің эквиваленттілігі немесе салыстырмалы бағалау үшін;

аттестаттау мақсатында өлшеу әдістемелерінің (әдістерінің) метрологиялық сипаттамалары үшін;

қатысушы зертхананың өлшеу мүмкіндіктері үшін;

б) стандартты үлгі ретінде аттестаттау (сертификаттау) не зертханааралық салыстыруды ұйымдастыру мақсатында үлгінің метрологиялық және техникалық сипаттамаларын (параметрлерін) бағалау (растау) үшін;

в) өзге де міндеттерді шешу үшін пайдалануға болады .

11. Біліктілікті тексеру мақсатында зертханааралық салыстыруларға сынақ зертханаларының қатысу кезеңділігін мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі органы белгілеуге тиіс, бірақ егер мұндай қызмет мәлімделген немесе қолданыстағы аккредиттеу салаларында қолжетімді және қолданылатын болса, 3 жылда кемінде 1 реттен сиретпеу керек.

12. Мүше мемлекетті аккредиттеу жөніндегі орган мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген аккредиттеу қағидаларына сәйкес осы сынақ зертханаларын аккредиттеу процесіне провайдерлер ұйымдастырған зертханааралық салыстыруларға сынақ зертханаларының қатысу нәтижелерін ескереді.

II. Мүше мемлекетті аккредиттеу жөніндегі орган мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген аккредиттеу қағидаларына сәйкес осы сынақ зертханаларын аккредиттеу процесіне, провайдерлер ұйымдастырған зертханааралық салыстыруларға сынақ зертханаларының қатысу нәтижелерін ескереді.

13. Зертханааралық салыстыруларды жүргізу MEMCT ISO/IEC 17043 сәйкес зертханааралық салыстыру бағдарламаларының әртүрлі түрлерін әзірлеуді қарастырады.

14. Провайдер зертханааралық салыстыруды жүзеге асыру бойынша провайдердің келіп түскен ұсыныстарын, өтінімдерін және техникалық мүмкіндіктерін талдау негізінде таңдалған түрге байланысты зертханааралық салыстыру бағдарламасын әзірлейді.

Бұл ретте, аккредиттеу саласын, сынақтардың үлгілеріне, әдістемелеріне (әдістеріне), жабдықтарға, жұмыстарды орындау шарттарына қойылатын техникалық талаптарды, жұмыстарды орындау мерзімдерін, үлгілерді дайындау және сынау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерді тарту қажеттілігін және т.б. қоса алғанда, провайдердің ресурстары мен мүмкіндіктері қаралады.

15. Зертханааралық салыстыру бағдарламаларын әзірлеу Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын, сынақ зертханаларының қызмет бағыттарын (сынақ салаларын, сынақ әдістемелерін (әдістерін), сыналатын өнім түрлерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Әрбір зертханааралық салыстыру бағдарламасына провайдердің менеджмент жүйесінің талаптарына сәйкес бірегей сәйкестендіру нөмірі беріледі.

16. Зертханааралық салыстыру бағдарламасын әзірлеу келесі кезеңдерді қамтиды:

бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін белгілеу;

бағдарлама түрін анықтау;

бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға тартылатын техникалық сарапшылар мен өзге де құзыретті мамандарды таңдау;

бағдарламаның қолданылу саласын анықтау (сыналатын өнімнің номенклатурасы, өлшенетін шамалар, сынау әдістемесіне (әдістеріне) қатысушы зертханалар қолданатын өлшенетін шамалар диапазоны);

қатысушы зертханаларды таңдаудың өлшемшарттарын белгілеу;

үлгілерді сатып алуға немесе дайындауға, оларды таңбалауға және қаптауға, оларды сақтау, тасымалдау шарттарына, оларды қатысушы зертханалар арасында тарату тәсілдеріне қойылатын талаптарды айқындау;

өлшенетін шаманың белгіленген мәнін белгілеу және өлшеулердің белгісіздігін бағалау әдістерін таңдау, метрологиялық қадағалауды растау (мүмкін болса);

үлгілердің біртектілігі мен тұрақтылығын растауға қойылатын талаптарды белгілеу;

форс-мажорлық жағдайлардағы іс-әрекеттер (мысалы, үлгіге қатысушы зертхана жоғалған немесе бүлінген, құпиялылық ережелерін бұзылған кезде);

қатысушы зертханалармен өзара іс-қимыл қағидаларын айқындау (оның ішінде қатысушы зертханалардан алынатын және провайдер қатысушы зертханаларға ұсынатын ақпаратқа қойылатын талаптар);

қатысушы зертханалардың сынақ нәтижелерін талдау.

17. Провайдер өзінің турларын жүзеге асыру арқылы зертханааралық салыстыру бағдарламасын жүзеге асырады. Зертханааралық салыстыру бағдарламасының турларын іске асыру үшін провайдер турларды іске асыру жоспарларын, қатысушы зертханаларға арналған нұсқаулықтарды, үлгілерді сынау хаттамаларын және (немесе) үлгілерді дайындау туралы есептерді және өзге де құжаттарды қоса алғанда құжаттарды әзірлейді.

18. Провайдер сынақ зертханаларының біліктілігін тексеру мақсатында зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламасының турың іске асыру жөніндегі құжаттарға мынадай мәліметтерді қамтиды:

а) провайдердің атауы және байланыс ақпараты;

б) зертханааралық салыстыруды жүргізудің мақсаты;

в) зертханааралық салыстыру бағдарламасының пайдаланылатын түрлері;

г) қатысушы зертханалар туралы ақпарат;

д) үлгілерді дайындау туралы ақпарат;

е) зертханааралық салыстыруларды жүргізу кезінде өлшенетін шамалардың тізбесі;

ж) сынақтардың әдістемесін (әдісін) белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді көрсете отырып, сынақтардың әдістемелері (әдістері) (қажет болған жағдайда);

з) өлшенетін шаманың берілген мәнін және онымен байланысты қатені (белгісіздікті) анықтау тәсілдері, метрологиялық қадағалау туралы ақпарат (мүмкін болса);

и) үлгілер туралы ақпарат:

стандартты үлгі үшін – стандартты үлгінің санаттары, атаулары, аттестатталған мәндері, стандартты үлгінің аттестатталған мәндерінің қателігі (белгісіздігі);

стандартты үлгінің негізінде жасалатын үлгі үшін – үлгінің сипаттамасы, өлшенетін шаманың берілген мәнін беретін қатысушы зертхана туралы ақпарат, үлгіге қойылатын техникалық талаптар (қажет болған жағдайда);

жабдықтар, техникалық құралдар және (немесе) басқа да өлшеу объектілері үшін – үлгінің сипаттамасы, өлшенетін шаманың берілген мәнін, үлгіге метрологиялық және техникалық талаптарды беретін қатысушы зертхана туралы ақпарат (қажет болған жағдайда);

к) мыналарға:

үлгілерді қолдану мүмкіндігі туралы қорытындыны қоса алғанда, үлгілерді дайындау туралы есепке;

қатысушы зертханаларға үлгілерді қаптау және жеткізуге;

қатысушы әртүрлі зертханаларда келісілген жағдайларды қамтамасыз ету үшін жұмыстарды жүргізу шарттарына;

сынау әдістемелеріне (әдістеріне) сәйкес қолданылатын өлшеу құралдарына, сынақ, қосалқы, зертханалық жабдыққа, материалдар мен реактивтерге (қажет болған жағдайда);

тестілеу нәтижелерін ресімдеуге қойылатын талаптар;

л) күнтізбелік жоспарда көзделген зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асыру және қатысушы зертханалардың тікелей жұмыстарын жүргізу мерзімдері (бір мезгілде өткізу қажет болған жағдайда).

19. Провайдер зертханааралық салыстыру нәтижелерін бағалау үшін қатысушы зертханалардан қажетті ақпаратты сұрауға құқылы.

20. Егер сынақтардың пайдаланылатын әдістемелері (әдістері) туралы мәліметтерде дәлдік, қайталану, қайталану сипаттамаларының нормалары және (немесе) мәндері және қатенің (белгісіздіктің) берілген мәндері көрсетілмеген жағдайда, онда зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асыру туралы есепте провайдер қатысушы зертханалардың сынақ нәтижелерін бағалау үшін қолайлылық өлшемшарттарын белгілеу тәсілін көрсетеді.

III. Біліктілікті тексеру үшін үлгілерге қойылатын талаптар

21. Біліктілікті тексеруге арналған үлгілер құрамы немесе қасиеті бойынша таңдалған сынақ объектісіне сәйкес келуі тиіс.

22. Үлгілер ретінде мыналарды пайдалануға болады:

а) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің аттестатталған (сертификатталған) стандартты үлгілері;

б) өлшенетін шамалардың берілген белгіленген мәндері бар стандартты үлгі негізінде жасалған үлгілер;

в) белгіленген мәні оларды дайындау рәсімін жүзеге асыру кезінде алынған деректер негізінде белгіленетін үлгілер;

г) зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асыру кезеңінде өлшенетін шамалардың тұрақтылығы және материалдың біркелкілігі қамтамасыз етілген өнімнің нақты үлгілері (стандартты үлгілер болмаған кезде);

д) жабдық, техникалық құрал және (немесе) басқа да өлшеу объектілері.

23. Біліктілікті тексеруге арналған үлгілер зертханааралық салыстыру мақсаттары үшін, оның ішінде тарату кезінде жоғалған немесе бүлінген үлгілерді өтеу, сондай-ақ қатысушы зертханалардың сынақ нәтижелері бағаланғаннан кейін оларды пайдалану мүмкіндігі үшін жеткілікті мөлшерде дайындалады.

Провайдер қатысушы зертханалардың нәтижелеріне қатысты форс-мажорлық жағдайлар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда біліктілікті жеткілікті мөлшерде тексеру үшін қосымша үлгілерді дайындайды.

24. Үлгінің өлшенетін шамасының берілген мәні қатысушы зертханалар қолданатын сынақтардың әрбір әдістемесінің (әдістерінің) анықталатын мәндерінің диапазонында болуға тиіс. Өлшенетін шаманың берілген мәні ретінде мыналар қабылданады:

а) паспорттағы (сертификаттағы) немесе басқа құжаттағы стандартты үлгідегі қателік (белгісіздік) көрсетілген стандартты үлгінің аттестатталған (сертификатталған) мәні;

б) дайындау әдісіне сәйкес үлгінің белгілі бір қасиеті үшін алынған өлшенетін шаманың мәні (қоспа әдісін немесе сұйылту әдісін пайдалана отырып);

в) халықаралық немесе ұлттық эталонға дейін қадағаланатын эталонды пайдалана отырып, үлгіні сынау барысында айқындалатын өлшенетін шаманың мәні;

г) үлгінің өлшенетін шамаларының есептелген мәндерін анықтау үшін өлшеудің бастапқы референттік және (немесе) референттік әдістемесін (әдісін) пайдаланатын сынақ зертханасы алған сынақтардың нәтижесі;

д) шығарындылардың әсерін ескере отырып, деректерді талдаудың статистикалық әдістерін пайдалана отырып, сынақ зертханалары алған сынақ нәтижелерінің келісілген мәндері;

е) басымдық тәртібімен санамаланған мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін зертхананы сынау нәтижесі (осы тармақтың "г" тармақшасында көрсетілген зертхана болмаған кезде):

халықаралық немесе ұлттық эталонға қадағаланатын эталонды пайдалану;

халықаралық немесе ұлттық эталонға дейін қадағаланатын аттестатталған (сертификатталған) стандартты үлгіні пайдалану;

қатысушы зертханалардың өлшеу құралдарына қарағанда жоғары дәлдіктегі өлшеу құралдарын пайдалану;

стандартты үлгілерді жасау тәжірибесі мен дағдыларының болуы;

халықаралық (өңірлік) зертханааралық салыстыру бағдарламаларына қатысу;

сынақтардың әдістемелерін (әдістерін) әзірлеу және аттестаттау (валидациялау) тәжірибесі мен дағдыларының болуы.

25. Үлгі зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асырудың барлық уақыты ішінде тұрақты болуы керек.

26. Әрбір қатысушы зертханаға берілетін үлгінің саны (көлемі, массасы) өлшенетін шамаларға және қатысушы зертханалар қолданатын сынақ әдістемелеріне (әдістеріне) байланысты таңдалады және осындай әдістердің (әдістердің) кез келгенін пайдалана отырып өлшенетін шамаларды анықтау үшін жеткілікті болуға тиіс.

27. Егер үлгі зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асыру кезеңінде провайдер өлшенетін шамалардың тұрақтылығын растаған жабдық, техникалық құрал және (немесе) басқа өлшеу объектілері болса, барлық қатысушы зертханалар сол бір үлгіде сынақтар жүргізе алады.

28. Үлгілер провайдердің менеджмент жүйесінің құжаттарында белгіленген үлгілердің (сынамалардың) қаптамасына қойылатын талаптарға сәйкес қапталады және үлгінің белгісі (шифры) бар жапсырмамен сәйкестендіріледі. Қаптама сынақтар жүргізілген сәтке дейін үлгілердің сақталуын және үлгілердің өлшенетін шамаларының тұрақтылығын, сондай-ақ үлгілерді қатысушы зертханаларға жіберу мүмкіндігін (қажет болған жағдайда) қамтамасыз етуге тиіс.

IV. Сынақ нәтижелерін өңдеуге және есептерді ресімдеуге қойылатын талаптар

29. Сынақ нәтижелерін статистикалық өңдеуді провайдер халықаралық стандарттарға ұқсас мүше мемлекеттердің мемлекетаралық немесе ұлттық стандарттарының талаптарын ескере отырып, оның ішінде MEMCT ISO/IEC 13528 "Зертханааралық салыстырулар арқылы біліктілікті тексеру кезінде қолданылатын статистикалық әдістерді" немесе статистикалық талдаудың басқа әдістерін қолдана отырып орындайды. Статистикалық талдау әдісін таңдауға провайдер жауапты болады.

30. Зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асыру туралы есепті провайдер MEMCT ISO/IEC 17043 талаптарына сәйкес ресімдейді. Есепте провайдер қатысушы зертханалардың (егер бұл зертханааралық салыстыру бағдарламасының мақсаты үшін қолайлы болса) келесі факторларға қатысты жұмыс сипаттамалары туралы түсініктемелер береді:

а) жұмыс істеудің қорытынды сипаттамалары (сынақ нәтижелерінің белгісіздігін ескере отырып);

б) қатысушы зертханалардағы және олардың арасындағы сынақ нәтижелерінің диапазоны, сондай-ақ зертханааралық салыстыру бағдарламасының алдыңғы турларының нәтижелерімен салыстыру;

в) сынақ әдістемелерінің (әдістерінің) айырмашылығы;

г) қателіктердің ықтимал көздері (шығарындыларға қатысты) және сынақтардың орындалуын жақсарту туралы ұсыныстар;

д) қатысушы зертханалар жұмысының сапасын арттыруға бағытталған тұрақты рәсімдерді іске асыру шеңберінде қатысушы зертханалармен консультациялар және кері байланыс;

е) сынақ нәтижелерін бағалауды және қатысушы зертханалардың жұмыс сипаттамалары туралы түсініктеме беруді мүмкін емес ететін факторлар;

ж) кез келген ұсыныстар, ұсынымдар немесе жалпы пікірлер;

з) қатысушы зертханалардың жұмыс істеу сипаттамалары туралы қорытындылар;

и) зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асыру мақсатына байланысты бағалаудың өзге нәтижелері мен түсініктемелер.

V. Сынақ зертханаларының біліктілігін тексеру мақсатында зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламалары туралы жиынтық ақпаратты қалыптастыру тәртібі

31. Провайдерлер жыл сайын ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін уәкілетті органға № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі жылға жоспарланған зертханааралық салыстыру бағдарламалары туралы ақпаратты және № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылы орындалған зертханааралық салыстыру бағдарламалары туралы ақпаратты ұсынады.

32. Уәкілетті орган зертханааралық салыстыруларды үйлестіру жөніндегі функцияларды орындау шеңберінде зертханааралық салыстырулар бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру нәтижелеріне мониторингті және талдауды, сондай-ақ сынақ зертханаларының осындай бағдарламаларға қажеттілігін талдауды жүзеге асырады.

Мониторинг пен талдауды орындау үшін уәкілетті орган мынадай қосымша ақпаратты сұратады:

провайдерлерден – зертханааралық салыстыру бағдарламаларын ұйымдастыру және өткізу туралы;

мүше мемлекеттің сынақ зертханаларынан – үшінші елдердің провайдерлері ұйымдастырған зертханааралық салыстыруларға қатысу туралы (қажет болған жағдайда).

33. Талдау негізінде уәкілетті орган зертханааралық салыстыру бағдарламаларының басым бағыттарын айқындайды, осындай бағдарламаларды іске асыру және зертханааралық салыстырудың жаңа бағдарламаларын әзірлеу туралы ұсыныстар қалыптастырады, мүдделі тұлғаларға, оның ішінде "Интернет"

ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде орналастыру арқылы мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ақпарат береді.

34. Зертханааралық салыстыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету шеңберінде уәкілетті орган мыналарды:

мүдделі уәкілетті органдар мен ұйымдардың сұрау салуы бойынша зертханааралық салыстыру бағдарламаларын жетілдіру бойынша әдістемелік сүйемелдеуді және ұсыныстар әзірлеуді;

провайдерлерге зертханааралық салыстыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

зертханааралық салыстыруларды жүргізу мәселелері бойынша провайдерлерге арналған әдістемелік құралдарды, ұсынымдар мен рәсімдерді әзірлеуді;

зертханааралық салыстыру бағдарламаларын әзірлеу және оларды іске асыру жөніндегі міндеттерді орындайтын қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу мекемелері мен білім беру мекемелерінің қызметіне жәрдемдесуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

35. Мүше мемлекеттің салыстыру бағдарламаларын жүргізуге жауапты провайдерлерді көрсете отырып, зертханааралық салыстыру бағдарламаларының жиынтық тізбесін уәкілетті орган осы Тәртіпке № 1 қосымшаға сәйкес зертханааралық салыстыру бағдарламаларын талдау негізінде қалыптастырады.

36. Мүше мемлекет провайдерлерінің орындалған зертханааралық салыстыру бағдарламалары туралы жиынтық есепті уәкілетті орган осы Тәртіпке № 2 қосымшаға сәйкес провайдерлер ұсынған ақпаратты және осындай бағдарламаларды іске асыру нәтижелерін талдау қорытындылары бойынша зертханааралық салыстыру бағдарламаларын жүргізуге жауапты провайдерлерді көрсете отырып қалыптастырады.

37. Зертханааралық салыстыру бағдарламаларының жиынтық тізбесі және орындалған зертханааралық салыстыру бағдарламалары туралы жиынтық есеп жыл сайын, ағымдағы жылдың 31 қаңтарына дейін комиссияның ресми сайтында "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде орналастыру үшін комиссияға жіберіледі.

1. Қатысушы зертханалардың сынақ нәтижелерін бағалау үшін жарамдылық өлшемшарттарын белгілеу тәсілдері ГОСТ ISO/IEC 13528 "Зертханааралық салыстыру арқылы біліктілікті тексеру кезінде қолданылатын статистикалық әдістерде" келтірілген.
2. Стандартты үлгіні пайдаланған кезде қатысушы зертханалар осындай үлгіні сынауды оның жарамдылық мерзімі шегінде жүргізуі тиіс.
3. Үлгілерді іріктеуді регламенттейтін құжаттарда және (немесе) өлшенетін шамалардың берілген белгіленген мәндері бар стандартты үлгі негізінде құрылатын үлгіні пайдалануға қатысты шектеулер

сынау әдістемесінде, қоспа әдісімен немесе сұйылту әдісімен дайындалған үлгіде не өнімнің нақты үлгісінде (стандартты үлгілер болмаған кезде) болған жағдайда жарамдылық мерзімін белгілейді, ол мерзімнің ішінде қатысушы зертханалар осы үлгіні сынақтан өткізуі тиіс.

4. Зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асыру кезеңінде жабдықты, техникалық құралды және (немесе) басқа да өлшеу объектілерін пайдаланған кезде өлшенетін шамалардың берілген мәндері тұрақтылықтың аралық өлшемдеріне ұшырайды.

Зертханааралық салыстырмалы
сынақтарды (зертханааралық
салыстыруларды) өткізуді
ұйымдастыру тәртібіне
№ 1 ҚОСЫМША

(нысан)

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына өнімнің сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын және Одақтың сәйкестігін бағалау жөніндегі органдардың бірыңғай тізіліміне енгізілген аккредиттелген (сынақ) зертханалардың (орталықтардың) біліктілігін тексеру мақсатында _____ жылға жоспарланатын зертханааралық салыстырмалы сынақтардың (зертханааралық салыстырулардың) бағдарламалары туралы АҚПАРАТ

Рет №	Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің атауы және нөмірі	Зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламасының белгіленуі және атауы	Үлгі	Өлшенетін шамалар	Іске асыру мерзімдері	Сынақтардың болжамды әдістемелері (әдістері)	Қосалқы мердігер, аккредиттеу аттестаты (бар болса)	Нәтижелерді бағалау өлшемшарттары
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпелер: Осы нысан мынадай тәртіппен толтырылады:

а) 2-бағанда оларға қатысты зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламаларын (бұдан әрі – зертханааралық салыстырулар бағдарламалары) орындау жоспарланатын Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің атаулары мен нөмірлері көрсетіледі;

б) 3-бағанда провайдер айқындаған зертханааралық салыстыру бағдарламасын сәйкестендіру туралы ақпарат (мысалы, бағдарламаның сәйкестендіру нөмірі, оны

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне жатқызу, осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес Одаққа мүше мемлекеттің өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық қорда берілген код) көрсетіледі;

в) 4-бағанда зертханааралық салыстыру бағдарламасын орындау үшін пайдаланылатын біліктілікті тексеру үлгісі туралы ақпарат көрсетіледі;

г) 5-бағанда өлшенетін шамалар ретінде айқындалатын үлгінің сипаттамалары туралы ақпарат көрсетіледі;

д) 6 бағанда зертханааралық салыстыру бағдарламасының турын іске асырудың жоспарланған мерзімі көрсетіледі;

е) 7-бағанда халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбелеріне енгізілген, ал олар болмаған жағдайда зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің болжамды әдістемелері (әдістері) көрсетіледі – зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістері, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау және зертханааралық салыстыру бағдарламасын орындау кезінде пайдаланылатын техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар көрсетіледі;

ж) 8-бағанда үлгілерді дайындау жөніндегі жұмыстарды орындайтын қосалқы мердігердің атауы және оны аккредиттеу туралы мәліметтер (бар болса) көрсетіледі;

з) 9-бағанда зертханааралық салыстырмалы сынақтарға (зертханааралық) салыстыруларға қатысушылардың жұмыс істеу сипаттамалары бағаланатын өлшемдер көрсетіледі.

Зертханааралық салыстырмалы
сынақтарды (зертханааралық
салыстыруларды) өткізуді
ұйымдастыру тәртібіне
№ 2 ҚОСЫМША

(нысан)

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына өнімнің сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын және Одақтың сәйкестігін бағалау жөніндегі органдардың бірыңғай тізіліміне енгізілген аккредиттелген (сынақ) зертханалардың (орталықтардың) біліктілігін тексеру мақсатында _____ жылы орындалған зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламалары туралы АҚПАРАТ

рет№	Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық	Зертханаара л ы қ салыстырма л ы сынақтар (зертханаара л ы қ	Үлгі	Өлшенетін шамалар	Сынақтард ы ң	Еуразиялық экономикал ық одаққа м ү ш е мемлекетте р д е н	Қатысу нәтижелері (қанағаттана рлықсыз (күмәнді)
------	--	--	------	----------------------	------------------	--	--

	регламентін ің атауы және нөмірі	салыстырул а р) бағдарламас ы н ы ң белгіленуі және атауы			әдістемелері (әдістері)	қатысушыл ар саны	нәтижелер саны)
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпелер Осы нысан мынадай тәртіппен толтырылады:

а) 2-бағанда оларға қатысты зертханааралық салыстырмалы сынақтар (зертханааралық салыстырулар) бағдарламалары (бұдан әрі – зертханааралық салыстырулар бағдарламалары) орындалған Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің атаулары мен нөмірлері көрсетіледі;

б) 3-бағанда провайдер айқындаған зертханааралық салыстыру бағдарламасын сәйкестендіру туралы ақпарат (мысалы, бағдарламаның сәйкестендіру нөмірі, оны Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне жатқызу, осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес Одаққа мүше мемлекеттің өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық қорда берілген код) көрсетіледі;

в) 4-бағанда зертханааралық салыстыру бағдарламасын орындау үшін пайдаланылған біліктілікті тексеру үлгісі туралы ақпарат көрсетіледі;

г) 5-бағанда өлшенетін шамалар ретінде айқындалған үлгінің сипаттамалары туралы ақпарат көрсетіледі;

д) 6-бағанда халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбелеріне енгізілген зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің әдістемелері (әдістері), ал олар болмаған жағдайда – зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау үшін және зертханааралық салыстыру бағдарламасын орындау кезінде пайдаланылған техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар көрсетіледі;

е) 7-бағанда зертханааралық салыстырмалы сынақтарға (зертханааралық салыстыруларға) қатысушылардың жалпы саны көрсетіледі;

ж) 8-бағанда жұмыс істеу сипаттамаларын бағалаудың қанағаттанарлықсыз (күмәнді) нәтижелерін алған зертханааралық салыстырмалы сынақтарға (зертханааралық салыстыруларға) қатысушылардың саны және зертханааралық салыстыру бағдарламасына қатысу нәтижелері бойынша ескертулер алған осындай сынақтарға қатысушылардың саны көрсетіледі."